

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің қамқоршылық кеңес отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

15.08.2023 ж.

Бірлік ауылы

Қатысқандар
Комиссия төрайымы

А.Мадиева – Бірлік ауылдық округінің кітапхана меңгерушісі

Комиссия хатшысы
Комиссия мүшелері

С.Қалығұл -әлеуметтік педагог
Ш.Айтымбетова – ата-аналар комитетінің төрайымы
Е.Құсайынов – ҚК мүшесі, электр жүйесінің мастері
А.Ахметқалиев- ҚК мүшесі, электр жүйесінің мастері
Г.Базаркулова – ҚК мүшесі, кәсіпкер
М.Өгізбаев - ҚК мүшесі,кәсіпкер
Г.Досмағанбетова – ҚК мүшесі, кәсіпкер
Ж.Түменбаев– ҚК мүшесі,кәсіпкер

Қатыспағандар:

жоқ

Шақырылғандар:

Э.Балабай -мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Жолдыбай, Б.Қыдырбай - педагог-психологтар

Күн тәртібінде

1. Мектеп директорының жылдық есебі 2023-2024 оқу жылы
2. ҚК мүшелерінің құрамының өзгеруі
3. «Мектепке жол» акциясы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Мадиева сөз алып Қамқоршылық кеңес мүшелеріне 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңес міндетінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызмет тиімділігі– бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі, - деп сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ш.Айтымбетова - алды. Ол өз сөзінде: Қамқоршылық кеңесінің мақсаты: Оқушылардың тәрбие және білім алу сапасын арттыру мақсатында оқу – тәрбие үрдісін ынталандыру, бюджеттен тыс тартылған қаржыны мақсат бойынша жұмсау, мектептің материалдық – техникалық базасын, аумағы мен ғимаратын абаттандыруды жетілдіруге жәрдемдесу, заңды көмек көрсету. Қамқоршылық кеңестің отырысы токсанына 1 рет немесе қажеттілікке сәйкес өткізіліп тұрады. Егер шұғыл мәселелер туындаса, Кеңес жоспардан тыс отырыс жасайды. Өткізілген іс-шаралар хаттамада тіркеліп отырады. Мектеп әкімшілігі әрдайым қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатысады- деді.

Келесі мәселе бойынша әлеуметтік С.Қалығұл сөз алды.

«Балқаш аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің хатына сәйкес «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясының өтіп жатқандығына тоқталды. Акция аясында ауыл әкіміне сұранысхат жіберілгендігін айтып өтті. Мектептегі жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың «Балаларға бірге көмек берейік!» атты ұранмен өтіп жатыр. Осы ауқымды іс-шараға бұйрық шығарылып, жоспары бекітілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықта ақпараттандыру, ауылымыздың көпшілік жерлеріне үндеу хаттар түрінде бұрыштар құрылып, шаруашылық қожалықтар мен ұйымдарға осы акцияға қатысу туралы үндеу шығарылып, таратылғандығы туралы айтты.

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің Қамқоршылық кеңес мүшелерінің күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша ашық дауыс беруі:


1	2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарымен таныстыру;	«иә»	9	«жоқ»	
2	«Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы;	«иә»	9	«жоқ»	
3	Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау;	«иә»	9	«жоқ»	

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің қамқоршылық кеңес мүшелері ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:


1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, жандандырылсын;
2. «Мектепке жол» акциясы қарсаңында аз қамтылған, жартылай жетім және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілермен жақын қарым – қатынас орнатылсын;

3. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жұмысы жандандырылсын;


Комиссия төрайымы


 А. Мадиева


Комиссия хатшысы


 С. Қалығұл

Комиссия мүшелері


 Ш. Айтымбетова


 Е. Құсайынов

 А. Ахметқалиев

 Г. Базаркулова

 М. Өгізбаев

 Г. Досмағанбетова

 Ж. Түменбаев